

# Егемен Қазақстан

## Темірден түйін түйгендер

Тарихқа еуроцентристік көзқараспен қарайтын базбіреулер «көшпелілер көшіп-қонып жүрген, оларда іргелі қалалар мен ірі өндіріс орындары болмаған» деген жаңсақ ұғым қалыптастырған. Шынтуайтында, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында айтылғандай, «біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны» екені белгілі.



Түркілер арасында қара темірді қамырша илеп, болат балқытқан ұстаны киелі санау культі байырғы заманнан қалыптасқан. Әйгілі Рашид ад-диннен жеткен деректе байырғы бабаларымыз Ергенеконнан шыға алмай тұйыққа тірелгенде Темірші ұстаның жетпіс өгіз терісінен үлкен көрік жасап, сол арқылы темір тау бөктеріне көмір жағып, тауды ерітіп, содан атақоныстарына жеткені баяндалады. Ғұндар дәуіріндегі сол алғашқы пассионарлық бастаудан кейін Ұлы даланы дүр сілкіндірген құдіретті әміршінің де Темірші (Тәмүжин) аталауы тегін емес. Сол сияқты тұтас Түркістанда ренессанс дәуірін бастаған Әмір Темірдің атын да осы құтты киенің сарқыты деуге болады. Сондықтан жаңа ғасырда домна пеште болат балқытып, құрыштай шындалған темірші Елбасының металл өндіруді түркілердің ата кәсібі ретінде қарауы – дәстүр сабақтастығының жаңғыруы!

Алатаудағы Есіктен, Алтайдағы Берелден, Тарбағатайдағы Елеке сазынан Алтын адамдардың табылуы бағзы заманнан бері зергерлік өнерінің озық дәстүрі байтақ далада кең таралғанын көрсетеді. Алғаш Ұлы далада құрықталып, қолға үйретілген жылқының әшекейлі ер-тұрман мен темір үзеңгі, арғымақтың ауыздығы, салт атты сайыпқыран жауынгердің сауыт-сайманы – ұсталық кәсіптің асыл өнімдері. Тау-тасымыздың қойнауында бабалардан қалған жартас суреттерінде ұзын болат найзаны ұмсына ұстап, қолындағы шашақты байрақты жоғары көтерген, астындағы атына да мұздай темір кежім кидірген, ауыр қаруланған түркі жауынгерінің бейнесі жиі кездеседі. Бұл – сонау ғасырлардан жеткен түркі баһадүрінің қаһармандық тарихының рәмізі, біздің эпостарда сөзбен суреттелген баршамызға таныс бейненің тастағы сұлбасы. Жырда «үзеңгісі үзбе алтын, құйысқаны құйма алтын, тебінгісі терме алтын» деп бейнеленетін кейіпкерлер. Сондықтан болса керек, теміршіні, ұстаны, шеберді түрк билеушілері айрықша қадірлеген, оларға ерекше әлеуметтік мәртебе берген. Қоғамда шеберлердің шоғыр тобы пайда болып, олар тіпті ата кәсібімен ғана шұғылданатындықтан, машығына қарай кейіннен руларға да айналып отырған. Мысалы, темір балқытушыларды болатшы, көң илеушілерді көңші, биік арбалыларды телеулер, қаңқа арба жасаушыларды қаңлылар деп атаған. Аталмыш буындардың қазақ этногенезінің түзілісінде айрықша айшығы бар, олардың ұрпақтары қазір ортамызда жүр.

Ежелгі дастан «Оғызнамада» алғашқы арбаны жасаған өнертапқыштың аты-жөні сақталған. «Оғыз қағанның шеруінде үздік жақсы бір шебер бар еді. Оның аты Бармақлық Жосын Білік еді. Бұл шебер бір қаңқа (арба) тапты. Қаңқа үстіне жансыз олжаны тиеді, қаңқаның алдына тірі олжаны жегіп, тартып кете берді. Халықтың бәрі мұны көріп тездетіп тағы қаңқа шапты» деп жырланған. Аңыз желісі қаңлының шығуын осыған апарып тірейді.

Әйгілі академиктер Қ.Сәтбаев пен Ә.Марғұлан өз зерттеулерінде Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан аймақтары ежелгі дәуірлерде металлургия өндірудің ірі орталықтары болғандығын айтады. Әсіресе, Орталық Қазақстандағы «Қырық шұрық», «Қалайы қазған», «Мың шұңқыр», «Бес шұрық», «Жезқазған», «Кенқазған», «Ұста», «Қара темір» және «Теміртау» секілді кен орындары алғаш рет қола дәуірінде пайда болып, кейбір кеніштерді игеру орта ғасырлар мен кейінгі кезеңдерге дейін жалғасқандығы жөнінде деректер кездеседі. Қола дәуірінің тұрғындары осы өңірдегі кен орындарынан металдың қола, қалайы секілді түрлерін өндеп, өздерінің кәделеріне жарата білді. Ұлы далада металды игеріп, адамзат тұрмысында пайдалану үрдісі сақ дәуірінде қарқынды дамыды. Мәселен, грек жазбаларында сақ, сармат, массагеттердің елінде мыс пен алтын қорының мол екендігі және олардың металл өндіруді жетік меңгергендігі айтылады. Ал Геродот пен Страбонның жазбаларында «Азиялық скифтерде алтынның молдығы сонша, олар басынан аяғына дейін алтын әшекейлермен апталған бай киімдер киеді және астындағы аттарының да ер-тұрмандары алтындалған», дейді.

Бұл тарихи жазбаларды айғақтайтын Қазақстан жерінен бір емес, бірнеше алтын адам қазіргі күні табылып, түрк өркениетінің салтанатын әлемге паш етті. Ә.Марғұлан Геродот айтқан мыс пен алтынға бай азиялық скифтер елі «бүгінгі Қазақстанның Орталық

және Солтүстік-Шығыс аймақтары мен Алтай, Тарбағатай өңірлерімен сәйкес келеді», дейді.

Металдың сан алуан түрі Алтай өлкесінде сонау қола, сақ заманынан бері өндіріле бастаған. Белгілі археолог С.И.Руденко Алтай өңірінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, аталмыш аймақ ежелден металлургияның ірі орталықтары екендігін, әрі алтын қорының мол болғандығын айтады. Алтайдағы сақ дәуіріне тиесілі – Аржан, Берел, Шілікті қорғандарынан көптеген алтын бұйымдар табылып көзқуанышқа айналды. Елбасы өзінің мақаласында да Алтайға баса назар аударуының себебі, Алтай – сақ дәуірінен бері түгел түркке алтын бесік болуымен қатар, ірі металлургия орталығы екендігімен байланысты болса керек.

«Көргенде көз, көңілдің Алтай емі, Алтайдың кен аңқиды алған демі, жерінен алтын күміс жентектелген» деп жырлаған Иса ақын бабалар рухының лебімен кенді Алтайдың қазыналы әлеуетін геологиялық барлаушылардан да ерте түйсініп, сүйсіне суреттеген деуге болады.

Белгілі түрколог Н.Я.Бичурин: «Алтай тауы қытай жылнамаларында Цзинь-шань деп хатталған, мағынасы Алтын тау» (түрк-моңғолша «алтан» алтын дегенді білдіреді) – деп тұжырымдайды. Сол себепті ежелден халық арасында: «Алтайдың сай-саласы түгел алтын», деген ұғымның сақталуы да кездейсоқ болмаса керек-ті.

Дәстүрлі металл өндіру ісі кейіннен ғұн, үйсін және қаңлы мемлекеттері тұсында да әскери және тұрмыстық маңызға ие болып, қола мен темірден қару-жарақ пен түрлі бұйымдар жасағаны белгілі. Металл өңдеу, оның ішінде темір, қорғасын, алтын қорыту істері Түрк қағандығы дәуірінде қарқынды дамыды. Байырғы түркілердегі металлургияға қатысты деректер түркілердің тарих сахнасына шығу кезеңімен тығыз байланысты. Ол туралы қытай жылнамаларында Алтай тауына қоныс аударған Ашина түркілері әуелде Жужан империясына саяси тәуелді болып, салық ретінде темір өндіріп отырғандығы айтылады. Тарихи құжаттарда Жужандардың билеушісі Анахуанның түркілерді «менің темір өндірушілерім» деп атауы теміршілік/ұсталық дәстүр түркілердің негізгі кәсіптерінің бірі болғандығын айғақтайды.

Л.Н.Гумилевтің «темір көшпелілерге бұрыннан белгілі болған, бірақ оны халықтың жаппай қолдануына қол жеткізген түркілер ғана болды», деген пікірі темір өндіру ісі байырғы бабаларымызда жалпыхалықтық кәсіпке айналғандығын байқатады. Алтай, Хакасия және Тыва өңірінде жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде түрк дәуіріне жататын бірқатар кен орындары мен пеш қалдықтарының іздері сақталғаны анықталды. Археологиялық олжалардың ішінде түрк дәуіріне тән найза, жебе, садақ, шоқпар және қылыш секілді темірден жасалған қару-жарақтардың молынан табылуы түрк қоғамында металлургия ісінің айтарлықтай жоғары деңгейде дамығандығын көрсетіп берді. Түркілер темірді тиімді игере отырып, қару-жарақ пен сауыт-сайманның ең үздік үлгілеріне қол жеткізді. Бұл үрдіс Ұлы далада түркілердің әскери қуатының жедел артып, Орхон жырларында жырланғандай дүниенің төрт бұрышын жаулап алуына зор ықпал етті. Түрк қағандығының территориясы кеңейіп, қуатты мемлекетке айналған тұста Ұлы жібек жолы түркілердің билігіне өткені белгілі. Ұлы даланың күретамырына айналған Жібек жолы түркілердің сауда-экономикасы мен саяси-дипломатиясының дамуына зор ықпал етті. Осы арқылы Батыс пен Шығыстың алтын көпіріне айналған – Ұлы дала түрлі этностардың жарастықта өмір сүруіне мүмкіндік берді. Ұлы Жібек жолы бойында түрлі металдан жасалған бұйымдар мен металл түрлері де тасымалданып, тауар ретінде бағаланғаны жазба деректерде кездеседі. Сол себептен де мұны кейде болат жолы деп те айшықтайды.

Мәселен, түркілердің Шығыс-Рим империясына темірді өнім ретінде сатқандығы туралы мәліметтер Византия жазбаларында сақталған. Ал византиялық елші Земарх өзін қарсы алған түркілер оған темір сататындығын, әрі өздерінің саяси күш-қуатын байқату үшін темір кені мен түрлі металл үлгілерін ұсынғанын баяндайды. Земарх сол сапарында Батыс түрк қағаны Дизабулдың қабылдауында болып, сән-салтанаты жарасқан қаған

ордасын былай деп суреттейді: «...біз қағанды аң аулап, салтанат құрып жүрген жерінен кезіктірдік. Қаған бізді өзінің жібекпен әсемделген шатырына (ордасына) алып барды. Шатыр ішінде алтын тақ, алтын ыдыстар, күмістен жасалған бұйымдар, алтыннан жасалған жануар мүсіндері мен басқа да асыл бұйымдар толы екен. Одан кейін бізді басқа бір шатырға алып барды, оның да босағалары алтындалған, іші алтын-күміс заттарға бай, қараған жанның көз жауын алады. Міне, түрк билеушісінің алтындалған ордасы осындай», деп жазады. Ал осы Батыс түрк қағаны Дизабулдың сол кезде Екітау деп аталған Қаратау мен Алатаудың арасын жайлаған әйгілі Естеми қаған екенін ескерсек, қарт Қаратаудың қойнауы бағзы замандардан бері кен орындарына бай екені тағы белгілі.

Осы орайда, Л.Н.Гумилевтің: «түркілер әлемдік тарих сахнасында Орталық Азияда алғаш рет темірді өнеркәсіптік жолмен игерген халықтың бірі болған», деп түйіндеуі оның осындай деректерге сүйенгендігін байқатады. Қазақ даласында ұзақ жылдар бойы пайдаланылған қола, темір дәуірінен қалған кен орындарын игеру ісі кейіннен Қазақ хандығы тұсында да жалғасқаны және хан-сұлтандардың жеке кеніштерінің болғандығы туралы қызықты деректер бар. Мысалы, Көкшетау маңында әйгілі Шоқанның атасы Уәлихан ханның мыс, қорғасын өндіретін меншікті кен орындары болғандығы туралы қазақ жеріне құпия тапсырмамен келген Сібір бөлімшесінің тыңшысы Ф.Назаровтың жазбасында баяндалады. Ол өз жазбасында Уәлихан хан өзіне тиесілі «Мың шұңқыр» кенішін орыс зерттеушілеріне көрсеткісі келмей, тасалап, Шангина экспедициясын басқа бағытқа бұрып жібергендігін баяндайды. Ел арасында егер, кімде-кім хан иелігіндегі кен орындарын орыс зерттеушілеріне немесе сырт көзге көрсететін болса, қатаң жазаланады деп тыйым салған. Әлкей Марғұланның зерттеулерінде меншікті кен орындары Тәуке хан мен Абылайдың заманында да болғандығын айтады. Алтын немесе басқа да бағалы кен орындары тек хан әулеттеріне ғана тиесілі болып, бұл дәстүр қазақ қоғамында ұзақ уақытқа дейін жалғасқан. Ханға тиесілі алтын, күміс өндірілетін кен орындары ханның жеке жасақ жігіттері арқылы тонаушылар мен көлденең аттылардан қорғалған. Хан алтынын (кен орнын) қоритын жігіттер туралы ел арасында «алтын қорыған жігіттер» деген тарихи аңыздар Тарбағатай мен Алтайдан Көкшетауға дейінгі жерлерге таралған.

Бұл қызықты деректер Геродоттың жазбасындағы сақ патшаларының алтынын қоритын грифондар (самұрық) туралы аңызды еске түсіреді. Аталған аңыздарды қуаттайтын Алтайдағы сақ қорғандарынан (Берел, Пазырық) грифон мүсіндері табылғанын да айта кету керек. Ежелгі түркілердегі металл игеру, теміршілік дәстүр кейіннен кейбір түрк халықтарында жалғасын тапты. Мысалы, Алтайдағы шор, куман және туба халықтары теміршілікті негізгі кәсіпке айналдырып, кейінгі ғасырларда металдан түрлі заттар жасап, жоңғарларға салық төлеп тұрғандығы жөнінде қызықты мәліметтер бар. Мұны кешегі түрк дәуіріндегі дәстүрлі металл өндірудің тарихи сабақтастығы деп те қарастыруға болады. Сонымен қатар металлургияға қатысты «Темір қапығ», «Бақырлық тау», «Бақыршақ», «Темір тау», «Күміс төбе» секілді жер-су атаулары да сақталғанын айта кетуіміз керек. Солардың қатарында Қарқаралы ауданындағы ірі кен орындарының бірі «Темірші» тауының атауы сонау көне дәуірлерден келе жатқан топоним болуы мүмкін және бұл ежелгі түркілердегі теміршілік дәстүрдің куәсі тәрізді көрінеді. ХІХ ғасырдың аяғында «Темірші» тауына келген геолог Г.Д.Романовский аталған жерден темір өндірген кеніштің орнын тапқанын баяндайды. Бергін келе Темірші тауы орналасқан Орталық Қазақстан аймағы металл өндірудің ірі орталығына айналып, әйгілі Теміртау металлургия комбинаты салынғаны белгілі. Бұл Теміртау – қазақ металлургияларының қазынамызды байытқан құрыш буынын әзірлеген қастерлі қала.

Қазақ этнографиясының тарихында қара темірді қамырша илеп қару-жарак, ертұрман жасаған, алтын-күмістен әшекей бұйымдар зерлеген небір хас шеберлер болғаны белгілі. Сөздік қорымыздағы «темір», «темірші», «дарқан», «зергер», «құста», «көрік», «дүкен», «төс» және осы тақырыпқа қатысты тағы да басқа мыңдаған атаулардың ежелгі дәуірлерде қалыптасып, қазақтың төл сөзіне айналғаны анық. Қазіргі күнде де ұсталық кәсібі ұлттың жадында сақталып, дәстүрлі түрде сабақтасып келеді. Айталық ұстанның

дүкеніне, көрігіне, балға-төсіне сыйыну – осы кәсіп иелеріне деген халық көзқарасын танытады. Мәселен, ел ұсташылық кәсіптің пірі Дәуітті былай деп жырға қосқан:

Әуеден көмір түсірген,  
От жақпай, темір пісірген!  
Қау көрігі бақылдап,  
Балға төсі шақылдап,  
Ер Дәуіт, пірім, сен қолда!

Алтайдың ар жағындағы ағайынның осы теміршілік дәстүрді жаңғыртып отырғанын көріп, сүйсінгеніміз бар. Ал бабасы темірден түйін түйген қалың қазақ теміршілікті, кен қазуды және ұсталықты қазір ата кәсіп көре ме? Бала кезімізде әр шаңырақта ер-тұрманмен бірге балға мен төс, қайрақ тұратын. Қазір де осы игі үрдіс жалғасып, әр шаңырақта ер-тұрман мен төс-балға тұрса деп ойлаймыз. Бұл, күнделікті өмірде қолданбаса да, шаңырақтың киесі әрі жастар арасында металлургияның ата кәсіп ретінде қабылдануына оң септігін тигізер асыл мұрамыз болар еді деген пікірдеміз.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ